

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2025 жылға арналған жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы № 1132 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2025 жылға арналған жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспардың 11, 12 және 13-тармақтарында көзделген заң жобаларын қоспағанда, Жоспарда көзделген заң жобаларын әзірлеуші мемлекеттік органдар заң жобаларын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне Жоспарда айқындалған айдың 1-і күнінен кешіктірмей және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспарда айқындалған айдың 1-і күнінен кешіктірмей ұсынып тұрсын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмысын үйлестіру және осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2024 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 1132 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2025 жылға арналған жоспары

Р/с №	Заң жобасының атауы	Әзірлеуші мемлекеттік орган	Ұсыну мерзімі			Заң жобаларын сапалы әзірлеуге және уақтылы енгізуге жауапты тұлға
			Әділет министрлігі	Үкімет Аппараты	Парламент	
1	Құқық бұзушылық профилактикасы туралы	ПМ	қаңтар	қаңтар	наурыз	И.В. Лепеха

2.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ПМ	қаңтар	қаңтар	наурыз	И.В. Лепеха
3.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне құқық бұзушылық профилактикасы жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ПМ	қаңтар	қаңтар	наурыз	И.В. Лепеха
4.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ДСМ	қаңтар	ақпан	сәуір	А . А . Амангелдиев
	"Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан					Д . М . Кеңбейіл

5.	Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қаржымині	ақпан	сәуір	маусым	
6.	"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ҰЭМ	ақпан	сәуір	маусым	Б . Б . Омарбеков
7.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ҰЭМ	ақпан	сәуір	маусым	Б . Б . Омарбеков
8.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ҰЭМ	ақпан	сәуір	маусым	Б . Б . Омарбеков
9.	Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы	ҚНРДА	сәуір	маусым	тамыз	Н . А . Әбдірахманов
	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне					

10.	қаржы нарығын реттеу мен дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ҚНРДА	сәуір	маусым	тамыз	Н . А . Әбдірахманов
11.	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2026 – 2028 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы	ҰЭМ	шілде	тамыз	тамыз	А.К. Әмрин
12.	Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2026 – 2028 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы	ҰЭМ	тамыз	тамыз	тамыз	А.К. Әмрин
13.	2026 – 2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы	Қаржымині	тамыз	тамыз	тамыз	А . Бейсенбекұлы
14.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша	ДСМ	мамыр	шілде	қыркүйек	Т . С . Сұлтанғазиев

	өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы					
15.	Қазақстан Республикасы ның кейбір заңнамалық актілеріне жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ҰЭМ	мамыр	шілде	қыркүйек	Б . Б . Омарбеков
16.	Қазақстан Республикасы ның кейбір заңнамалық актілеріне баламалы энергия көздерін дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ЭМ	шілде	қыркүйек	қараша	С . Қ . Есімханов
17.	Қазақстан Республикасы ның кейбір заңнамалық актілеріне телекоммуник ациялар нарығын және деректерді өңдеу орталықтарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ЦДИАӨМ	шілде	қыркүйек	қараша	А.Е. Оразбек

18.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы	МҚІА	тамыз	қазан	желтоқсан	С . С . Мүксімов
19.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	МҚІА	тамыз	қазан	желтоқсан	С . С . Мүксімов

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

ҚНРДА – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

МҚІА – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ЦДИАӨМ – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

ІІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі